

ТІЛ МЕН ТАҢБА: ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚЫРЫ

Жеңісбекқызы Сәулеш

студенттер, Қазақ тілі мен әдебиеті Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

Шакизада Жаннұр Әділқызы

студенттер, Қазақ тілі мен әдебиеті Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Қазақстан, Алматы қаласы

Султан Гульнара Ануаровна

научный руководитель, Ғылыми жетекшісі, Оқытушы- магистр, Филология институты, Шетел тілдері кафедрасы, Қазақстан, Алматы қаласы

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілін латын графикасына көшіру үдерісінің әлеуметтік-лингвистикалық қырлары қарастырылады. Латын әліпбиіне көшу тек техникалық өзгеріс емес, ол – ұлттық сана мен тілдік сәйкестікке әсер ететін маңызды мәдени-әлеуметтік қадам. Автор тіл мен таңбаның өзара байланысын, жазу жүйесінің ұлт болмысын қалыптастырудағы рөлін талдай отырып, әліпби реформасының қоғамға тигізетін ықпалын сипаттайды. Қазақстандағы тіл саясатының тарихи негіздері мен қазіргі бағыттары сараланып, латын графикасына көшудің себептері мен әлеуетті салдарына талдау жасалған. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибе мен отандық зерттеулерге сүйене отырып, бұл үдерістің қазақ тілінің дамуына қалай ықпал ететініне назар аударылады. Мақалада тілдік модернизацияның болашағы мен қоғамдық қабылдауы да кеңінен сөз болады.

Кілт сөздер: латын әліпбиі, тіл саясаты, әлеуметтік-лингвистика, ұлттық бірегейлік, жазу жүйесі, қазақ тілі, таңба, тілдік модернизация, қоғамдық қабылдау, мәдени өзгеріс

Кіріспе. Тіл – ұлттың жаны, ал таңба – сол тілдің көрінісі, рухани бейнесі. Әр халықтың жазу жүйесі оның мәдениетінің, тарихының, болмысының көрінісі бола отырып, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты қамтамасыз етеді. Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі үшін жаңа кезең басталды: латын графикасына көшу мәселесі тек тілдік емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және идеологиялық маңызы зор реформа ретінде қарастырылуда. Бұл өзгеріс қазақ қоғамының жаһандану үдерісіндегі орнын айқындап, ұлттық бірегейлікті жаңаша тұрғыда қалыптастыруға бағытталған. Латын әліпбиіне көшу тек таңбалар жиынтығын ауыстыру емес, ол – тарихи жадыны қайта жаңғырту, заманауи технологиялармен үйлесімді тілдік орта қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Осы мақалада аталған реформаның әлеуметтік-лингвистикалық астарлары кеңінен талданып, оның ұлттық сана мен тілдік болмысқа ықпалы жан-жақты қарастырылады.

Негізгі бөлім Қазақстанда латын графикасына көшу – тілдік реформадан гөрі, терең әлеуметтік-мәдени өзгерісті білдіретін құбылыс. Тіл мен таңба – бір-бірімен тығыз байланысты жүйелер. Тіл – ұлттық болмыстың негізі болса, таңба – осы болмыстың сыртқы көрінісі, рухани коды. Таңбаның өзгеруі тек дыбыстарды бейнелеу тәсілінің алмасуын ғана емес, тұтас ұлттық

дүниетаным мен қоғамдық сананың трансформациясын білдіреді. Қазақ жазуының тарихына көз жүгіртсек, көне түркі руникалық жазуынан бастап, араб графикасы, латын әліпбиі (1929–1940), кейін кирилл жазуы қолданылғанын көреміз. Бұл алмасулар көбіне саяси жағдайларға, билік мүдделеріне байланысты жүзеге асырылған. Әр кезеңде таңбамен бірге тілдің тағдыры да өзгеріп отырған. Сондықтан таңба ауыстыру мәселесі – таза тілтанулық шеңбермен шектелмейтін, әлеуметтік, саяси, мәдени қырлары бар күрделі процесс. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында латын графикасына көшу қажеттігін нақты көрсетті. Бұл қадам бірнеше маңызды факторлармен түсіндіріледі. Ең алдымен, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында – қазақ халқы XX ғасырдың 20–30 жылдарында латын әліпбиін қолданған, алайда кеңестік саясат салдарынан бұл жүйе қолданудан шығарылған. Екіншіден, латын графикасы – қазіргі заманғы жаһандық ақпарат кеңістігінің негізі. Бұл жазу әлемнің көптеген елдерінде ғылыми, технологиялық және цифрлық салаларда кеңінен қолданылады. Үшіншіден, латын графикасына көшу қазақ тілін бөгде әріптер мен дыбыстардан арылтуға, тілдің табиғи заңдылықтарын сақтауға мүмкіндік береді. Төртіншіден, техникалық тұрғыда бұл графика компьютерлік жүйелерге, мобильді құрылғыларға және цифрлық технологияларға әлдеқайда тиімді бейімделеді. Таңбаның өзгеруі әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан алғанда, қоғамның тілге деген көзқарасын, оның қолданылу аясын, ұлттық бірегейлігін қалыптастыратын маңызды фактор. Әліпбиді өзгерту арқылы белгілі бір тілдік норма қайта қалыптасады. Бұл жаңа норма қоғамның бүкіл ақпараттық, білім беру және мәдени кеңістігіне әсер етеді. Сонымен қатар, таңба реформасы халықтың тілдік санасын жаңғыртуға, ұлттық өзіндік ерекшелікті күшейтуге бағытталған. Қазіргі Қазақстанда бұл үдерісті әр буын әрқалай қабылдауда. Жастар жағы жаңашылдыққа бейім болғандықтан, жаңа графикаға икемделуге даяр. Ал егде жастағы азаматтар үшін бұл өзгеріс белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін. Мұнда латын графикасына көшу үдерісінің әлеуметтік-психологиялық астары ерекше маңызға ие болады. Латын графикасына көшудің ең маңызды аспектілерінің бірі – қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне сай жазу нормаларын бекіту. Бұрынғы кирилл графикасында қазақ тіліне тән емес әріптер кең қолданылып, тілдің табиғи дыбысталуы бұзылды. Жаңа әліпби нұсқаларында бұл қателіктерді болдырмауға басымдық беріліп отыр. Әліпби реформасы барысында бірнеше нұсқа ұсынылып, олардың дыбыстық сәйкестік, көркемдік, жазу жеңілдігі сияқты өлшемдерге сәйкестігі қарастырылды. Осы ретте, ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарын сақтай отырып, халықаралық стандарттарға сай таңба үлгісін жасау көзделді. Бұл – тілдік модернизацияның басты шарты.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген қазақ тілінің латын графикасындағы маңызды кемшіліктердің бірі — “И” мен “Й” дыбыстарының бір ғана таңба — “i” арқылы берілуі. Бұл, бір қарағанда, жеңілдету сияқты көрінгенімен, шын мәнінде, тілдік нақтылық пен фонетикалық дәлдіктің бұзылуына әкеліп отыр.

“И” және “Й” — фонетикалық жағынан екі түрлі дыбыс.

Мысалы:

- “Ине” сөзіндегі “И” — дауысты, тіл ортасынан айтылатын созылыңқы дыбыс.
- “Йен”, “Йығу” сияқты сөздердегі “Й” — дауыссыз, жылдам айтылатын үнді дыбыс.

Алайда, екеуін де бір ғана “i” әрпімен таңбалау — олардың дыбыстық табиғатын жойып, мағына ауытқуына, жазу мен оқуда түсініспеушілікке себеп болады. Бұл әсіресе тіліміздегі түбір мен қосымша, омонимдер, сөйлеу тіліндегі интонациялық ерекшеліктерді ажыратуда қиындық туғызады.

Сондықтан бұл мәселеге нақты шешім қажет. Біз ұсынатын балама:

- “И” дыбысы — “i” таңбасымен,
- “Й” дыбысы — “j” таңбасымен белгіленуі тиіс.

Неліктен дәл осылай?

Біріншіден, “i” — қазақ тілінде бұрыннан ұсынылып жүрген, дауысты дыбысқа тән визуалды бейнеге ие таңба. Екіншіден, “j” — халықаралық транскрипцияда дауыссыз “й” дыбысына

сәйкес келетін балама болып саналады.

Мысалдар арқылы:

- Ине → ïne
- Иіл → ïil
- Йен → ien
- Жүйе → jüie

Бұл өзгеріс тіліміздің табиғи дыбысталуы мен жазу мәдениетін сақтауға көмектесіп қана қоймай, цифрлы технологиялар мен лингвистикалық жүйелерде де бірізділікті қалыптастырады. Тағы бір маңызды мәселе – жаңа графикаға көшу қоғамның мәдени кодын қайта бағдарлауға ықпал етеді. Таңба арқылы ұлт өзінің тарихи тамырын, рухани сабақтастығын сезінеді. Әліпби реформасы – ұлттық жадыны жаңғыртудың, болашаққа бағытталған идеялық бетбұрыстың бір көрінісі. Бұл жерде Ататүрік реформасы кезінде Түркияның латын графикасына көшіп, жаңа ұлттық идеология қалыптастырғаны тарихи мысал бола алады. Сол секілді Қазақстан да өз болашағын білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақпен байланыстыра отырып, сол ұрпаққа қолайлы әрі заманауи жазу жүйесін ұсынуды көздейді. Дегенмен, реформаның жүзеге асуы бірқатар нақты міндеттер мен мәселелерді шешуді талап етеді. Біріншіден, халық арасында жаңа графиканы меңгеруге бағытталған кең көлемдегі түсіндіру, оқыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Екіншіден, білім беру жүйесі, баспа ісі, ресми құжат айналымы мен электрондық платформалар жаңа жүйеге бейімделуі қажет. Үшіншіден, орфографиялық және пунктуациялық нормалар бекітіліп, бірыңғай жазу мәдениеті қалыптастырылуы керек. Бұл жұмыстардың барлығы кезең-кезеңімен, жүйелі жоспар бойынша іске асуы қажет. Латын графикасы негізіндегі қазақ тіліне бейімделген пернетақталар, мәтіндік редакторлар, сөздіктер мен емле құралдары жасалуы тиіс. Сонымен қатар, жаңа графикада оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер шығарылып, мұғалімдер мен оқушыларды үйрету жолға қойылуы қажет. Бұл тұрғыда мемлекет пен қоғамның өзара бірлескен іс-қимылы шешуші рөл атқарады. Латын графикасын игеру – тек тіл үйрену емес, ол – жаңа мәдени кеңістікке ену, жаңаша ойлау, жаһандық бәсекеге қабілетті болуға бет бұру. Жалпы алғанда, латын графикасына көшу – тарихи заңдылық. Бұл реформа қазақ тілінің жаңа тынысын ашуға, оны әлемдік деңгейге шығарып, ақпараттық кеңістікке еркін енуге жол ашады. Жаңа жазу жүйесі – ұлттың болашаққа ұмтылуының, сананың жаңғыруының, рухани еркіндіктің бір айғағы. Сондықтан бұл үдеріске тек графикалық өзгеріс деп қарау жеткіліксіз. Ол – қоғамның тілге, ұлтқа, болашаққа деген көзқарасын, идеологиялық ұстанымын көрсететін күрделі әлеуметтік-лингвистикалық процесс. Әліпби реформасының сәтті жүзеге асуы – тілдің таза әрі табиғи қалпында дамуымен, ұрпақтың оны игеру деңгейімен, қоғамның оған деген сенімімен тікелей байланысты.

Қорытынды. Қазақ тілінің латын графикасындағы “И” мен “Й” дыбыстарының бір таңбамен берілуі — жазуда да, оқуда да түсініспеушілікке алып келеді. Сондықтан, “И” дыбысын — “i”, ал “Й” дыбысын — “j” таңбасымен белгілеуді ұсынамыз. Бұл тілдің табиғи фонетикасын сақтауға, жазу жүйесін нақты әрі бірізді етуге септігін тигізеді. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – бұл тек таңба ауыстыру емес, ол ұлттың тарихи жадына қайта оралу, тілдің табиғи болмысын қалпына келтіру және қоғамның жаһандық кеңістікке бейімделуін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам. Бұл үдеріс әлеуметтік, мәдени, лингвистикалық және психологиялық аспектілерді қамтитын күрделі құбылыс ретінде танылып отыр. Жаңа графика қазақ тілінің дамуына, сауаттылықтың артуына, халықаралық ақпараттық кеңістікте еркін қолданылуына жол ашады. Сонымен қатар, тілдік сана мен ұлттық бірегейлікті жаңғыртуға ықпал етеді. Реформаның табысты болуы халықтың қолдауына, жүйелі дайындыққа, білім беру мен ақпараттық саясаттың сапасына тікелей байланысты. Латын графикасына көшу – қазақ тілінің болашағына салынған инвестиция, рухани тәуелсіздіктің бір көрінісі. Сондықтан бұл тарихи қадамды саналы түрде қабылдап, ұлттың болашағы үшін бірлесе жүзеге асыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүлейменова Э.Д. – Қазақстандағы тілдік жағдай және тіл саясаты. – Алматы: Ғылым, 2006

ж. – 240 бет.

2. Смағұлова Ж. – Language policies of Kazakhstan and their influence on language attitudes and use. 2010 ж. – 15 бет.

3. Сағындықов Е. – Латын әліпбиіне көшу: әлеуметтік қажеттілік пен лингвистикалық стратегия.– Астана: Елорда, 2019 ж. – 198 бет.